

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалануға жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 79 қаулысы

Ұлттық және халықаралық маңызы бар Солтүстік Қазақстанның бірегей табиғи объектілері ретінде Наурызым мемлекеттік табиғи қорығының жануарлар және өсімдіктер дүниесінің бағалы түрлерін сақтау мақсатында және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қостанай облысының Қараменді және Наурызым ауылдық округтері ауылдық елді мекендерінің жерлерінен жалпы алаңы 4178 гектар жер учаскелері, сондай-ақ Наурызым ауданының жалпы алаңы 99509 гектар босалқы жерлері алынсын және олар Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Мекеме) қосымшаға сәйкес тұрақты жер пайдалануға берілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелері ауылдық елді мекендер жерлерінен және босалқы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің санатына ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеме жерлерінің жергілікті шекарасын белгілесін.

4. Қостанай облысының әкімі Мекеме жерлерінің төңірегінде қорғау аймағын белгілеп, осы аймақтың шегінде бұл аумақтың экологиялық жүйесінің жай-күйіне және оны қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым салатын болсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

7 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы" мемлекеттік мекемесіне

тұрақты жер пайдалануға жер берілетін Қостанай облысының Наурызым ауданы аумағындағы жерлердің

ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

Р/с	Жер пайдаланушы. лардың атауы	Жалпы алаңы, га	Оның ішінде					
			А/ш алқап. тары. ның жиыны, га	егіс. тік жер, га	шабын. дық, га	Жайылымдар, га	Өзге жер. лер, га	
						бар. оның ішінде	түбі. рінен жақсар. тылған	

Қараменді ауылдық округі

1	Қараменді ауылы	1962	1904	-	-	1904	256	58
2	Киевка ауылы	290	287	-	-	287	-	3
	Жиыны:	2252	2191	-	-	2191	256	61

Наурызым ауылдық округі

3	Наурызым ауылы	607	363	-	-	363	-	244
4	Қожа ауылы	1316	1306	-	-	1306	-	10
5	Сарышығанақ ауылы	3	3	-	-	-	3	-
	Жиыны:	1926	1672	-	-	1672	-	254
6	Босалқы жерлер	99509	96273	778	20834	74661	3843	3236
	Барлығы:	100136	100136	778	20834	78524	4099	3551

